



БЕС ҚАРУ – БАҒА ЖЕТПЕС БАЙЛЫҒЫМЫЗ

5-БЕТ | РУХАНИЯТ



СОЛТУСТІКТЕГІ АШТЫҚ СЕБЕБІ НЕДЕ?

6-БЕТ | АҚТАҢДАҚТАР АҚИҚАТЫ



ӨЗГЕРІС НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?

7-БЕТ | МӘСЕЛЕ

МОРАТОРИЙ ҰЗАРУЫ МҮМКІН

Елімізде шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталған 3 жылдық мораторий уақыты созылуы мүмкін.

Жоба күшіне енсе, кәсіпкерлер жөнсіз тексерулерді тыйған мүмкіндіктің дәмін тағы біраз уақыт татады. Жоба «Ашық НҚА» электронды порталында жарияланды. «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының бастамасы бойынша жүргізілетін мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүргізуге мораторий енгізу»

туралы қаулының уақытын созу жобасын қоғамдық талқылауға салу 11 тамызға дейін жалғасады. Егер қаулы күшіне енсе, шағын кәсіпкерлікке қатысты мемлекеттік органдардың бастамасы бойынша жүргізілетін бақылау мен қадағалауды 2023 жылғы 1 қаңтардан 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтату көзделген.

№90 (4368)

Сейсенбі
2 тамыз
2022 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



400 МЫҢ БАЛА 1-СЫНЫПҚА БАРАДЫ

Қазақстанда балаларды 1-сыныпқа қабылдау науқаны аяқталды. Құжат қабылдау кезеңі 4 айға созылған еді. Осы уақытта қазақстандықтар шамамен 400 мың өтініш беріп үлгерген.

Елордада 1-сыныпқа 20101 бала қабылданған, оның ішінде 10928-і немесе 54,3%-ы қазақ тілінде білім алуға ниет білдіріпті. Оқу-ағарту министрлігінің хабарлауынша, балалардың 70 пайыздан астамы мемлекеттік тілде оқуды таңдады. 1-сынып оқушыларының басым бөлігі Абай, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қостанай және Қарағанды облыстарында, сонымен қатар Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында тіркелді.

АРЗАН БАСПАНА САЛЫНАДЫ

Елімізде 1 шаршы метрі 290 мың теңгені құрайтын несиелік баспаналар салынады.

Сондай-ақ Үкімет жекеменшік құрылыс компанияларын арзан баспана салуға ынталандыру мақсатымен инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құрылысын 1 шаршы метріне 310 мың теңгеге дейін қаржыландырады. Осылайша, «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша салынатын әлеуметтік тұрғын үйлердің конкурстық рәсімдері оңтайландырылады. Заңнамаға түзетулер енгізіліп, жаңа механизм іске қосылғанда, «кілтпен берілетін» нысандарды бір ғана ұйым жобалап, салады.

БАЯНАУЫЛҒА ОҢАЙ ЖЕТЕДІ

Нұр-Сұлтан мен Қарағандыдан Баянауылға чартерлік рейс ашу жоспарланып отыр.

Облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының мәліметінше, демалыс үйлерінің иелеріне сыйымдылығы 9 адамдық Ан-2 ұшағымен Нұр-Сұлтан-Баянауыл және Қарағанды-Баянауыл бағытында чартерлік рейсті орындау мүмкіндігі ұсынылды.

Енді аптасына үш рет, қыста аптасына бір рет ұшақтармен немесе тікұшақпен ұзақтығы 15-20 минуттық экскурсиялар ұйымдастыруға болады.

Бұл экскурсиялардың құны бір адамға шамамен 30-40 мың теңгені құрайды.



БАСТЫ МАҚСАТ – БАҒАЛАРДЫ ТҰРАҚТАНДЫРУ

Алдағы уақытта елордада азық-түлік бағаларын тұрақтандыру мақсатында меморандумдарға қол қойылады. Бүгінге дейін бас қаланың дүкендері мен базарларында сатылып жатқан 40 тоннадан астам өнімдерге 24 келісімшарт жасалған. Бұл тауарлар қаладағы 110 сауда нысанында сатылымға шығарылды.

Нұр-Сұлтан қалалық мәслихатының хатшысы Ерлан Каналимов бірінші сұрыпты ұннан жасалған нан бағасын тұрақтандыру мақсатында жасалған меморандум аясында астық елорданың өңдеу кәсіпорындарына жөнелтіліп жатқанын мәлім етті. Бағдарламаның операторы – «Табыс 2009» ЖШС және «ГЭС Төңкеріс» ЖШС. Құзырлы орган басшысы «Amanat» партиясының елордалық филиалы партиялық бақылау комиссиясының мүшелері, кәсіпкерлік құрылымдар, БПҰ төрағалары мен қоғам өкілдері арасынан

партиялық бақылау тобын құрғанын хабарлады. Ол сондай-ақ сауда орындарына жүргізілген көптеген тексерулер барысында көптеген заң бұзушылықтар анықталып, көп жағдайда кемшіліктер сол жерде жойылғанын жеткізді.

Сондай-ақ бағаларды тұрақтандыру мақсатында апта сайын облыстардың қатысуымен қалалық жәрмеңкелер өткізіліп келеді. Көкөніс бағасын тұрақтандыру үшін Түркістан облысынан жеткілікті көлемде көкөніс сатып алу жоспарлануда.

«ASTANA AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ
ЖҮРІП ЖАТЫР



ELORDA.INFO САУАЛНАМАСЫ



ОТБАСЫЛЫҚ БЮДЖЕТІҢІЗДІҢ ҚАНША БӨЛІГІ
ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫНДЫҚҚА ЖҮМСАЛАДЫ?

- Бюджеттің түгелге жуық бөлігі кетеді. Жыл сайын киім-кешектер мен оқу құралдары қымбаттауда
- Қомақты бөлігі. Дайындық әрдайым қалтаға салмақ түсіреді
- Бұл – дәстүрлі шығындар, бақытымызға қарай, біздің отбасылық бюджетімізге аса қатты әсер етпейді
- Маған бәрібір, менің балаларым мектеп бітіріп қойған
- Өз жауап нұсқаңыз (комментарий)

Elorda.info ақпараттық порталы әлеуметтік сауалнама жүргізуде, оған QR-код арқылы дауыс беріңіз.



РИМ ПАПАСЫ ҚАЗАҚСТАНҒА КЕЛЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен 13-15 қыркүйекте Рим Папасы Франциск Қазақстанға мемлекеттік сапармен келеді. Бұл туралы Ақорданың ресми сайты хабарлады.

Сапар аясында Рим Папасы еліміздің жоғары басшылығымен кездеседі, сондай-ақ Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезіне қатысады деп жоспарланған.



АРТЫҚ ТӨЛЕГЕН 490 МИЛЛИОН ТЕҢГЕ ҚАЙТАРЫЛАДЫ

Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті тұтынушыларға жылу үшін 490 миллион теңгеге жуық қаражат қайтарылатынын мәлімдеді.



Комитет пен оның аумақтық бөлімшелері Қазақстанның барлық өңірі бойынша жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін жылумен

жабдықтау қызметінің құнын қайта есептеу бойынша жұмыс жүргізген. Жұмыс қорытындысы бойынша қайта есептеу нәтижесінде 2022-2023 жылдары жылу маусымында

немесе күнтізбелік жыл үшін (2022 жылдың соңына дейін) қаражатты қайтару халықтың жеке шотында көрсетіледі және аванс (сальдо) түріндегі жеке жолда жазылады делінген хабарламада. Яғни қаржы тек жылу энергиясын есепке алу құрылғылары жоқ тұрғындарға беріледі. Ақша тұтынушының жеке есепшотына түседі. Бірақ ол ақшаны азаматтар жұмсай алмайды. Шоттағы қалдық келесі жылдың жылыту маусымында алынады. Комитет жалпы сомасы 489950250 теңгеге қайта есептеу жүргізген. Мәліметке сәйкес, ең көп сома Шығыс Қазақстан облысында қайтарылады (186251070), ал ең аз сома – Батыс Қазақстан облысында (786580). Нұр-Сұлтан қаласы бойынша 1755990 теңге қайтарылады.

ТҮБІРТЕКТІ ҚОЛДАН ЖАСАЙДЫ

Елордада қоғамдық көлікте жолақысын төлеуден жалтаратындар қалай да тегін жүрудің түрлі амалын жасайды. Мәселен, City Transportation Systems компаниясы өкілдері «қояндардың» автобус жолақысын төлемес үшін түбіртекті қолдан жасайтынын жиі анықтайды.

**Райхан
РАХМЕТОВА**

– Жолақысын төлегісі келмейтіндер скрин жасайды. Содан кейін арнайы қосымша арқылы түбіртекті қолдан істейді. Мұндай фактілерді көліктік бақылау департаментінің қызметкерлері оңай анықтайды. Бақылаушылар сол жерде өзінің көзінше жолақысын төлеген банк қосымшасын ашып көрсетуді

сұрайды. Қосымшаны ашқанда, төлем жүргізілмегенін білуге болады. Оның үстіне билетсіз жолаушыларды анықтау бойынша күнделікті рейд жүргізіледі. Көбіне «қояндар» жол жүру ақысын КБД қызметкерлері автобуска мініп, тексеру жүргізе бастаған кезде ғана төлейді. Мұның бәрі, айналып келгенде, автобус парктөрінің жұмысына зиянын тигізеді. Автобустардың техникалық жағдайын жақсарту, дизель отынын, жаңа автобустар

сатып алу, жалақы төлеу мәселесінде қиындық туындауы мүмкін, – дейді CTS компаниясы қоғаммен байланыс департаменті директорының міндетін атқарушы Нұрсұлтан Ыбыраев.

Жыл басынан бастап көліктік бақылау департаментінің қызметкерлері жолақысын төлеуден жалтарудың 68697 фактісін анықтады. Биыл астанада автобус ақысын төлемеген 9759 жолаушыға жалпы сомасы 59 млн теңгеден астам айыппұл салынған. CTS компаниясының өкілдері жолаушылардан жолақысын адал төлеуді сұрайды. Автобустарда жолақысы көлік картасы немесе QR-код арқылы қолма-қол ақшасыз төленеді. Елордалық қоғамдық көлікте жол жүру құны – 90 теңге.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Шыңжаңдағы қандасымыз – 22 жастағы Кәусар Қызатқызы 6 мың шақырым жолды велосипедпен жүріп өтті.

Ол 15 мамыр күні Қытайдың Шыңжаң қаласынан туған жері ШУАР-ды бетке алып жолға шыққан болатын. 28 шілде күні Үрімжі қаласына жетті. «Жолдағы мен үшін ең қиын болған жер Шинлиң тауынан асу болды. 7 сағат бойы иен тау жолында жүрдім, күн жаңбырлы, таудың үсті торлаған тұман, жалғыз өзіме ерекше қорқынышты болды» дейді қазақ қызы.



Әлемдік туризм пандемияға дейінгі деңгейге жартылай жақындады.

Биыл алғашқы бес айда 1 млн адам шетелге саяхаттаған. Бұл, ең алдымен, шектеу шараларының алынуымен байланысты. Десе де сарапшылар әлемдегі геосаяси ахуал мен инфляция саланың тез қалпына келуіне кері әсер етіп отырғанын айтады. 2019 жылы әлемде бір жарым миллиард адам шетелге саяхаттаса, пандемияға дейін туризмнен түскен табыс жаһандық жалпы ішкі өнімнің 7 пайызын қамтып келді.



Жапонияда үй жануарына арналған желдеткіш киімге сұраныс көп.

Биыл жаңбырлы маусымнан кейін күншығыс елінде бұрын-соңды болмаған аптап ыстық орнаған еді. Елде жоқ дүниені жасау идеясы жүкті әйелдерге арналған киім өндірісінің президенті Р.Удзаваға тиесілі. Үйіндегі чихуахуа күшігінің ыстықта қиналғанын көрген соң осындай киім тігуді қолға алған. Жануарларға лайықталған киімге салмағы 80 грамм желдеткіш орнатылған. Бұл киім нарыққа шілде айында шықты. Бағасы – 74 доллар шамасында.

ӨРТ СӨНДІРУ БЕКЕТТЕРІНЕ ЖӨНДЕУ КЕРЕК

Бүгінгі таңда елордада 12 өрт сөндіру бекеті жұмыс істейді, ал негізі бас қалаға 18 өрт сөндіру бекетін салу қажет. Барының өзі күрделі жөндеуді қажет етеді, себебі ең ескілері 1969 жылы бой көтерген. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қалалық мәслихатының хатшысы Ерлан Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

«Биыл «Көктал» және «Үркер» тұрғын алаптарында екі өрт сөндіру бекетінің құрылысы аяқталады. Олардың құрылыс барысымен өткен аптаның соңында таныстым. Құрылысты аяқтау үшін қаржыландыру мәселелері толығымен шешілді. «Көктал» өрт сөндіру депосында барлық монолитті жұмыс аяқталып, қабырғалары тұрғызылды, шаттырдың металл конструкцияла-

рын орнату жұмысы басталды. «Үркер» өрт сөндіру депосында қазір су және кәріз құбырларын тарту жұмысы жүргізілуде» деді Е.Каналимов.

Сонымен қатар ол бес өрт сөндіру бекетін күрделі жөндеуге жобалық-сметалық құжаттаманы дайындау жұмысы жүргізіліп жатқанын жеткізді. Осы ретте хатшы елордалық мәслихат депутаттары астаналық құтқарушы-

ларды материалдық-техникалық жарақтандыруға және оларға әлеуметтік көмек көрсетуге үлкен көңіл бөлетінін айтты.

– 2, 8, 10, 16, 17 өрт сөндіру бекетінің қарауыл бөлмелеріне ретінде қаражат бөлінді, мұнда жөндеу ондаған жылдар бойы жүргізілмеген. Елорда әкімдігі арқылы кинологиялық қызметті орналастыру үшін ғимарат сатып алынды, бұрын үй-жайлар жеке тұлғадан жалға алынған, – деп атап өтті ол.

Құтқарушыларды әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша әкімдік арқылы 1,5 млн теңгеден 50 тұрғын үй сертификаты бөлінді. Сондай-ақ көпбалалы отбасынан шыққан 20 қызметкердің балалары жазғы лагерде демалған.

ЕЛОРДА ХАЛҚЫНЫҢ САНЫ 1,7 МЛН-ҒА ЖЕТЕДІ

Қазақстан халқы 2050 жылға қарай 27 млн-нан асуы мүмкін. Еңбек ресурстарын дамыту орталығы осындай болжам жасады. Орталық жасаған талдауға сәйкес, Қазақстан халқының саны 2030 жылға қарай 20,8 млн-нан (теріс сценарийде) 21,5 млн-ға дейін (оң сценарийде), ал 2050 жылға қарай 23,5 млн-нан 27,7 млн-ға дейін болуы мүмкін.



«Бұл ретте, егер өлім мен туу көрсеткіштері 2021 жылғы деңгейде, ал сыртқы және өңіраралық көші-қон 2017-2021 жылдардағы орташа мәнде сақталса, Қазақстан халқының саны 2030 жылға қарай 20 млн 958 мың адамға, ал 2050 жылға қарай 27 млн 192 мың адамға жетеді» деп атап өтті ЕРДО болжамдау департаментінің директоры Дмитрий Шумков. Оның мәліметінше, 2030 жылға

қарай орталық сценарий бойынша халық саны Нұр-Сұлтан қаласында – 420 мың адамға немесе 33%-ға, 1,7 млн адамға дейін, Алматы қаласында – 414 мың адамға немесе 20%-ға, 2 млн 466 мың адамға дейін, Шымкент қаласында – 369 мың адамға немесе 32%-ға, 1,5 млн адамға дейін өседі.

Бұдан бөлек, Түркістан облысында халық саны 207 мың

адамға, Маңғыстау облысында 170 мың адамға, Алматы облысында 145 мың адамға ұлғаяды. Шығыс Қазақстан, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Павлодар және Ақмола облыстарында халық санының қысқаруы күтілуде.

2050 жылға қарай, ЕРДО сарапшыларының есептеріне сәйкес, болжамның орталық нұсқасын алып қарайтын болсақ, өсу бойынша көшбасшы Шымкент қаласы болады, оның халық саны 1 млн 679 мың адамға артып, 2,8 млн адамға жетеді немесе 2022 жылмен салыстырғанда 2,5 есеге артады. Нұр-Сұлтан қаласында өсім 1 млн 634 мың адамға құрайды, бұл 2,3 есе өсімге, 2,9 млн адамның көрсеткішіне сәйкес келеді. Алматы қаласында тұрғындар саны 3,5 млн адамға дейін немесе 1,4 млн адамға (2022 жылға қарай +69%) өседі. Маңғыстау облысында халық саны 820 мың адамға өседі, соның салдарынан өңірдегі халық саны 1 млн 571 мың адамды құрайды.

ҚАҢТАР ОҚИҒАСЫ: 717 АДАМ СОТТАЛДЫ

Бас прокуратураның Арнайы прокурорлар қызметі бастығының орынбасары Нұрлыбек Сәбитов осылай мәлімдеді.

«Қаңтардағы оқиғалар бойынша сотқа барлығы 474 қылмыстық іс жолданды, олар бойынша 717 адам сотталды. Мемлекет басшысының ауырататын мән-жайлар болмаған кезде жазаны жеңілдету жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында прокурорлар соттарды

бас бостандығынан айыруға байланысты емес жазаларды тағайындауға бағыттауда» деді ол Орталық коммуникациялар қызметіндегі брифингте.

Ол тек арнайы прокурорлардың істері бойынша 40 мыңнан астам тергеу әрекеті жүргізілінін хабарлады. Сараптама-

лық ұйымдардың өндірісінде 4 мыңнан астам зерттеулер бар.

«Міндетті тергеу әрекеттері қылмыстарға әр қатысушысының рөлін анықтау, оның әрекеттерін объективті бағалау және заңды процестік шешім қабылдау үшін жасалады. Қылмыстық қудалау органдары толық, объективті және жан-жақты тергеу жүргізу үшін барлық күштер мен құралдарды жұмылдыруда» деп түсіндірді Н.Сәбитов.

ҚАЛАМГЕРДІ МЕРЕЙТОЙЫМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы Президенті сыйлығының лауреаты, Қазақстанның құрметті журналисі, республикалық «Астана ақшамы» газетінің бас редакторы Еркін Қыдыр мерейлі 60 жасқа толды. Белгілі журналисті Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов қабылдап, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын тапсырды, мерейтойымен құттықтады.



«Қарымды қаламгер, іскер азамат ретінде өзіңізге жүктелген маңызды міндеттерді үлкен жауапкершілікпен орындап, сенім үдесінен шыға білдіңіз. Ұзақ жыл «Егемен Қазақстан» газетінде еңбек етіп, отандық журналистиканың өркен жаюына үлес қостыңыз.

Бүгінде «Астана ақшамы» ұжымына басшылық жасап, елордамыздың экономикалық-әлеуметтік, рухани-мәдени дамуын насихаттауға атсалысып келесіз. Қолға алған жобаларыңыздың сәтті жүзеге асуына сенім білдіремін. Сізге зор денсаулық және отбасыңызға бақ-береке тілеймін» делінген Президент құттықтауында.

Қазақ баспасөзінде айшықты қолтаңбасы бар Еркін Сағындықұлы жур-

налистикадағы еңбек жолын «Оңтүстік Қазақстан» газетінде корректорлықтан бастап, осы басылымда тілші болды. Жазғандары шындықтың шырақшысы Шерхан Мұртазаның көзіне түсіп, «Социалистік Қазақстан» газетінің (қазіргі «Егемен Қазақстан») Оңтүстік Қазақстан облысындағы меншікті тілшісі қызметіне қабылданды. Содан бастап 27 жыл табан аудармастан еліміздің бас басылымында еңбек етті. Бас редактордың орынбасары, бірінші орынбасары «Егемен Қазақстан» РГ» АҚ

директоры, вице-президенті, басқарма төрағасы болды. 2017 жылдың наурыз айынан бері «Астана ақшамы» газетінің бас редакторы. «Ұсақталма, Үкімет», «Отырар», «Кәусар кез» кітаптарының авторы.

Мерейтой иесіне Нұр-Сұлтан қаласы мәліхатының хатшысы Ерлан Каналимов құттықтау хатын жолдаса, өзі көп жыл еңбек еткен «Егемен Қазақстан» басшысы Дархан Қыдырәлі әріптестерінің ыстық ықыласын редакцияға келіп жеткізді.

ӨНІРЛЕРДІҢ ЖӘРМЕҢКЕЛЕРІ ӨТЕДІ

Демалыс күндері «Астана Арена» стадионының жанындағы көлік тұрағы орналасқан аумақта жергілікті және өңірлік тауар өндірушілердің апта сайынғы ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Енді жеке өңірлердің жәрмеңкесі басталады.

Нұр-Сұлтан, Қарағанды, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстары тауар өндірушілерінің, кәсіпкерлері мен көтерме сатушыларының қатысуымен дәстүрлі ауыл шаруашылығы жәрмеңкесінде азық-түлік тауарының алуан түрі ұсынылды. Мұнда көкөністер, жемістер, ет және сүт өнімдері, балық және бал арзан бағамен сатылды. Аграршылардың айтуынша, олардың құны жеткізу мен жол шығындарын

ескере отырып құралады.

– Біз әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерін нарық бағасынан 10-15 пайыз төмен бағамен сатамыз. Бұл қала тұрғындарына уақыт пен ақшаны үнемдеуге мүмкіндік береді. Ауа райы жағдайы жәрмеңкеге баруға әсер етпейді. Негізінен, түскі уақытта халық көп келеді, – деді сатушы Малджуда Самадова.

Зейнеткерлер де жәрмеңкеге жиі ба-

рады. Олардың бірі – Сәлима Жеңісқызы.

«Мұнда апта сайын арнайы келемін. Себебі жергілікті сапалы өнімдер дүкендерге қарағанда осы жерде анағұрлым арзан бағамен сатылады. Қала тұрғындарының өтініші бойынша осындай жәрмеңкелер жиі ұйымдастырылып тұрса, біз секілді бір ғана зейнетақыға қарап отырған адамдарға қолдау болар еді» деді елордалық зейнеткер.

АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫ – АСТАНА ТӨРІНДЕ

4-7 тамыз аралығында Жақсылық Үшкөмпіров атындағы елордалық жекпе-жек сарайында дзюдодан ерлер мен әйелдер арасында Азия чемпионаты өтеді. Құрлықтық біріншілікте төрт күн бойы татами шеберлері жеке және аралас-командалық жарыста мықтыларды анықтайды.

Турнирге Азияның 19 елінен 200-ге жуық дзюдошы қатысады. Дзюдодан Қазақстан құрамасының бас бапкері Нұрбол Сүлейменов осы маусымның қорытындысы бойынша құрам құрды. Құрлықтық біріншілікке қатысушылар қатарына әлем чемпионатының жүлдегерлері Ғұсман Қырғызбаев (66 кг) және Ерлан Серікжанов (66 кг), Азия чемпионатының үш дүркін жүлдегері Ислам Бозбаев (-100 кг), гран-при жеңім-

пазы Мағжан Шамшадин (60 кг) және Grand Slam әлемдік кезеңнің жүлдегері Бауыржан Нарбаев (60 кг) кірді.


Дзюдодан ерлер құрамасының толық құрамы келесідей: Мағжан Шамшадин (60 кг), Бауыржан Нарбаев (60 кг), Ғұсман Қырғызбаев (66 кг), Ерлан Серікжанов (73 кг), Данияр Шамшаев (73 кг), Дидар Хамза (90 кг), Нұрлыхан Шархан (-100 кг), Ислам Бозбаев (-100 кг), Әділ Оразбаев (+100 кг).

Ерлан Алпысбаевтың жетекшілігімен Қазақстан әйелдер құрамасынан 9 спортшы қатысады: Абиба Абужакинова (48 кг), Галия Тынбаева (48 кг), Гаухар Ирмағамбетова (52 кг), Севара Нишанбаева (57 кг), Мөлдір Нарынова (63 кг), Анастасия Маякова (70 кг), Аруна Жангелдина (-78 кг), Камила Берликаш (+78 кг), Назгүл Маратова (+78 кг).

Азия чемпионатына қатысушылар арасында Олимпиада чемпиондары мен әлем біріншіліктерінің жүлдегерлері де бақ сынайтын болады. IJF ережелері бойынша Азия чемпионатының медаль иегерлеріне олимпиадалық рейтингте ұпай қосылады. Атап айтқанда, жеңімпаз – 700 ұпай, күміс жүлдегер – 490 және қола жүлде – 350 ұпай алады.

Ғалымдар 1 миллион өсімдіктің цифрлы галереясын жасап жатыр.

Жаңа әдісті Австралиядағы Ғылыми және өнеркәсіптік зерттеу ұйымы қолға алған. Алғашқы галерея 9 айдың ішінде дайын болуға тиіс. Мамандар жүз мегапиксельді камераның көмегімен өсімдіктің ең ұсақ бөлшегін үлкейтіп түсіреді. Мұндай жұмыс қоршаған ортаны толық зерттеуге мүмкіндік береді. Суреттер ортақ базаға жүктеліп, өзге ғалымдарға да қолжетімді болады.



Данияға қарасты Гренландия аралында туризмнің жаңа түрі пайда болды.

Саяхатшылар бұл аймаққа мұзтаудың құлағанын немесе ерігенін көру үшін келеді. Адам қарасы көбейіп жатқандықтан, Гренландияда 2024 жылы 3 жаңа әуежай салынады. Әлемдегі ең ірі аралдағы мұздың еруіне климат өзгерісі әсер еткен. Ғалымдар Арктикада жылыну үдерісі 3 есе жылдам жүріп жатқанын алға тартады.

ӘЛЕУМЕТ САУАЛЫ – ӘКІМ ЖАУАБЫ

– Қаладағы әлеуметтік сала қызметкерлерінің жалақысы өседі дегенді естідім. Нақты кімдердің еңбекақысы көтеріледі?

Алтай КӨЛГІНОВ, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі:

– Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша осыған дейін медицина қызметкерлерінің, педагогтардың, коммуналдық кәсіпорын қызметкерлерінің жалақысы көтерілген болатын. Қызметкерлердің еңбек жағдайын жүйелі түрде жақсартуды әрі қарай жалғастырамыз. 1 маусымнан бастап әлеуметтік, мәдениет, атап айтсақ, кітапханалар, мұражайлар, спорт, жергілікті полиция қызметі және т. б. мамандардың жалақысы көтерілді. Осылайша елорда мекемелерінде жұмыс істейтін 4 мыңға жуық маман қамтылды. Мәселен, әлеуметтік мекемелер, медициналық-оңалту орталықтары, кітапхана және т. б. орындарда жұмыс істейтін, жалақысы төмен қызметкерлердің еңбекақысы 30 пайыздан 50 пайызға дейін көбейді. Осыған байланысты «Жаңа» отбасы институтын қолдау орталығы және «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» әлеуметтік қызметкерлердің жалақысы 1,5 есе өсті. Сонымен бірге «Орталық кітапхана жүйесі» КММ кітапханашыларының жалақысы 30 пайыздан аса, суретшілердің жалақысы 50 пайызға және жергілікті полиция қызметінің жалақысы 30 пайызға дейін көтерілді, сондай-ақ С, D санаты және разрядтаушылар қатарындағы азаматтық қызметкерлердің жалақысы 1,8 есе өсті. Осы бағыттағы жұмысты әрі қарай да жалғастырамыз.

АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ!»

Марат БЕКЖАНҰЛЫ, елорда тұрғыны:

– Бас қалада тұрғындарды жұмыспен қамту қалай жүзеге асырылып жатыр?

Оқырманымыздың бұл сауалына Нұр-Сұлтан қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Жүсіпов жауап береді:

– Елорданың жоғары оқу орындары мен колледждерінің түлектері «Жастар практикасы», «Алғашқы жұмыс орны», «Ұрпақтар келісімшарты» жобаларына белсенді қатыса алады. Бұл – тәжірибе жинауға, ресми еңбек өтілін алуға және өзінің бәсекеге қабілетін дәлелдеуге тамаша мүмкіндік. Осыған дейінгі тәжірибе көрсеткендей, аталмыш жобаларға қатысқаннан кейін өз қабілетін көрсеткен жастардың көпшілігі тұрақты орындарына жұмысқа орналасты.

Бүгінгі таңда бас қалада 5584 адам жұмыспен қамтылды, оның ішінде 2804 тұрғын тұрақты жұмысқа орналасты. Олардың 1120-сы – жастар. Тағы 2046 адам қоғамдық жұмыстарға, 270-і жастар практикасына, 128-і әлеуметтік жұмыс орындарына, 39-ы «Алғашқы жұмыс орны» жобасы бойынша жұмысқа орналасты. Жұмыс берушілердің сұранысы бойынша қысқа мерзімді курстардан 129 елорда тұрғыны өтіп жатыр, skills.epbek.kz порталы арқылы 232 адам онлайн оқытудан өтті. Сонымен қатар жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік грантты бес адам алды және қалада мүгедектігі бар адамдар үшін арнайы жұмыс орындары ұйымдастырылады.



БАЗАРДАҒЫ БАҒА ҚАНДАЙ?

	Астаналық базар	«Әміне» базары	«Шалғат» базары	«Шарын» базары
Бірінші сортты бидай ұны	335	260	230	200
Бірінші сортты ұннан пісірілген нан	150	90	100	120
Макарон өнімдері	450	230	360	350
Қарақұмық жармасы	680	520	555	600
Тазартылған күріш	480	405	410	420
Картоп	250	240	220	200
Сәбіз	300	222	190	180
Пияз	330	320	320	250
Қырыққабат	200	90	130	100
Қант	850	470	650	700
Күнбағыс майы	900	780	910	750
Сыыр еті	2750	2550	2400	2500
Тауық еті	1700	1300	1300	1150
Пастерленген сүт	540	305	295	350
Айран	350	305	310	310
Сары май	420	605	3000	850
Тауық жұмыртқасы	46	46	40	120
Ас тұзы	80	52	80	60
Сүзбе	950	280	1185	900

№90 (4368) 02/08/2022 Сейсенбі



ЭЛЕКТРОНДЫҚ САУДА АЛАҢЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Бас қалада көппәтерлі тұрғын үй қызметтерін жеткізушілер үшін электрондық сауда алаңы іске қосылды. МИБ орталығының басшысы Гүлвира Әбетованың айтуынша, бастапқыда «Тұрғын үй қатынастары туралы» ҚР заңына сәйкес, басқару нысандарын құру мерзімі 2022 жылғы 1 шілдеге дейінгі кезеңде қабылданған.

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

– Карантин шараларына байланысты реформаны жүзеге асыру, 2020 жылы жоспарланғандай, белсенді болмады және меншік иелері жиналыстарды, жазбаша сауалнамаларды онлайн режимде өткізді және жалпы үй мүлкін басқару процесіне кірісті. Карантинмен қатар, бүгінге дейін үйлерді «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңнан шығарылған нысандардан беру, үйді сапалы ұстау үшін атқару құжаттары мен өзге де құжаттардың жасырылуы немесе болмауы бойынша тосқауыл сақталуда, – деді Гүлвира Әбетова.

Объективті себептерді ескере отырып, Парламент Мәжілісінің депутаттары ПИК, ӨК және басқа да нысандарды тарату кезеңі 2023 жылғы 1 шілдеге дейін ұзартуға бастамашы болды.

– Тұрғын үй реформасын іске асырудың барлық кезеңінде мүлік иелері МИБ-ке тіркелгенге дейін және одан кейін МИБ орталығының мамандарымен Тұрғын үй орталығы базасында консультациялық кеңес алды. Сонымен қатар қалалық жобаның бастамашылары үйлерді басқару саласында қызмет көрсетушілердің бірыңғай тізілімін қалыптастырды, оны тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы

ның алғашқы форумы бастады, – деді МИБ орталығының басшысы.

Гүлвира Әбетованың мәлімдеуінше, осы уақыт аралығында өткізілген мастер-класстар, толығымен құжаттар және тұрғындарға үнемі консультациялық қолдау көрсету қалыптасқан МИБ-тің тәуелсіз даму жолына түсуіне көмектесті.

– Бүгінде барлық меншік иелері мен кәсіпкерлік орта үшін жеткізушілердің бірыңғай тізілімі бар ТКШ орталығы сынды электрондық сауда алаңына қатысу қолжетімді, – деді орталық басшысы.

Бастамашылар ТКШ орталығының тәжірибе алмасу және елдегі тұрғын үй қатынасын жақсарту бөлігінде бірыңғай шаралар әзірлеудің мүмкіндігіне тоқталып, онда өз қызметін орналастыру үшін басқа қалалардың өнім берушілері өтінім беріп жатқанын жеткізді. ТКШ электрондық сауда алаңында қызметтерді орналастыру үшін оқыту және біліктілік алды іріктеу – міндетті шарт.

Сондай-ақ Гүлвира Әбетова меншік иелері үшін Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша күн сайын сағат 9.30-дан 12.30-ға дейін МИБ құру бойынша консультация жүргізудің жалғасып жатқанын айтты.

БЮДЖЕТТІК ӨТІНІМДЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Отырыста ішкі және жастар саясаты, дін істері мәселелері бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, Нұр-Сұлтан қаласы әкімі аппаратының және құқық қорғау органдарының бюджеттік өтінімдері қаралды.

Полиция департаменті қаржылық қамтамасыз ету басқармасының бастығы Айгүл Құрманбекова төлемдер сомасының ұлғаюына байланысты тұрғын үй төлемдері бойынша қосымша қаражат қажеттілігі туралы хабарлап, сондай-ақ коммуналдық шығыстарды, оның ішінде ПД балансына берілген жаңа нысандар төлемдеріне байланысты қажеттілік туралы айтты.

Мәслихат хатшысы Ерлан Каналимов, ПД-нің кешенді жоспарына сәйкес, Арнайы жедел ден қою жасағы (СОБР) ғимаратындағы қазіргі жағдай, полиция полкіне арналған ғимаратқа қатысты сұрақтар қойды.

Қала әкімі аппараты басшысының орынбасары Жаңасыл Шаукентаев қосымша қажеттілік қызметкерлерге үстемәкі төлеу үшін қажет екенін баяндады. Ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Ләззат Құсайынова тұрақты комиссия отырысының қарауына жалақыға үстемәкі төлеуге қосымша қажеттілік өтінімін ұсынды. Депутат Владислав Сергеев басқарманың ақпараттық орталықтың жұмысына қосымша қаражат сұрап отырғанын, алайда жыл басында қомақты сома бөлінгенін атап өтті. Ол қосымша қаржыландыруға басқа да өтінімдердің түсуіне байланысты бұл өтінім қосымша талқыланатынын мәлімдеді.

Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Қайрат Қамбаров депутаттарға «Өзіңнен баста», «Bookfest», «Nur-Sultan City Quest», «Bolashaqqa jol!» сияқты бірқатар жобаларды іске асыруға байланысты қосымша қажеттілік бар екенін хабарлады.

Жуырда Нұр-Сұлтан қалалық мәслихатында Ерлан Каналимовтың қатысуымен, депутат Гүлжамал Жапарованың төрағалығымен заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның отырысы өтті.



Депутат В.Сергеев бұрын «Кирпичный» тұрғын алабының мәселесі талқыланғанын, бағалау үшін құжат қажет болғанын еске салды. Мемлекеттік мүлік департаментімен аула клубы үшін ғимарат сатып алу мәселесін талқылау қажет, тұрғын алабы халқының саны 12 мыңды құрайды, оның үштен бір бөлігі – жастар.

Депутат Бауыржан Жанқонақов аула клубтарын жабдықтауға қатысты сұрақ қойды. Ол «Артспорт» жобасын жаратқандыруға сұралып отырған сома мен аула клубтарының сомасы салыстыруға келмейтінін атап өтті, аула клубтарын жаратқандыруға бірнеше есе аз қаражат бөлінді.

Дін істері басқармасының басшысы Нұрдулет Әлмұханов депутаттарға басқарманың ақпараттық жұмысындағы жетістіктер туралы хабарлады. Мысалы, YouTube сайтында орналастырылған қысқа метражды фильмдер өз жемісін беруде. Фильм тек Қазақстанда ғана емес, сондай-ақ шетелдердегі қазақ тілді аудиторияда, Қырғызстанда, Өзбекстанда да көп қаралған. Осы жылдың соңына

дейін мұндай мазмұндағы тағы екі фильм түсіру жоспарланып отыр. Осыған байланысты басқарма қысқа метражды фильмдер түсіру үшін қосымша қаржыландыруды қолдауды сұрайды.

Мәслихат хатшысы дарынды режиссер жасаған фильмді көруге кеңес берді. Осы фильмді YouTube-ге орналастырғаннан кейін 7 аймақта фильм жасауға қаражат бөлу туралы тапсырма берілді. «Жұмбақ» фильмінің мазмұны өте сапалы. Жақында фильмнің орыс тіліне аударылымы дайын болады және орыс тілді аудиторияға ұсынылады. Ол Конституция күні қарсаңында депутаттардың фильмді ұжыммен көрсетілімін ұйымдастыруды сұрады.

Депутат Батыр Котырев басқармаға экологиялық қауіпсіздікті сақтау және салауатты өмір салтын насихаттау бойынша жастарға арналған фильм түсіру туралы ой тастады.

Мәслихат хатшысы өріптесін қолдап, жақында жоғары сынып оқушыларының ескерткіштерді сырғанақ ретінде пайдаланып жүргеніне куә болғанын айтты. Бұл – Цифрландыру

басқармасының жұмысындағы олқылық, ол ескерткіштерді бейнекамералармен жабдықтауды қамтамасыз етуі керек еді. Әсіресе бұл жағдайда ең қынжылтатыны сол – учаскелік инспектор ескерту жасаған кезде ата-аналардың бұдан еш әбестік көрмей, немқұрайлы қарауы.

Үш басқарма: экономика, қаржы, мемлекеттік мүлік басқармалары бюджеттің орындалуына жауап береді, сондықтан бөлінген қаражаттың жыл соңында игерілмей қалуы проблемалары болмау үшін қазір үшінші нақтылауда бұл басқармалар мен тексеру комиссиясы, оның ішінде ықтимал тәуекелдер туралы айтуы керек. Басқармалар оңтайландыру бойынша ұсыныстар беріп, әкімшілердің қай жерде проблемалары бар екенін алдын ала көрсетуі керек. Е.Каналимов бюджеттің игерілуін ескере отырып, алдағы уақытта тәуекелдер бойынша ақпарат беруді сұрады.

Жиын соңында Г.Жапарова барлық қаражат жоспарға сәйкес жоғары жауапкершілікпен мақсатты пайдалануы керектігін еске салды.

99 РЕТ ЖОЛ ЕРЕЖЕСІН БҰЗҒАН

Елордада «Қауіпсіз жол» жедел алдын алу іс-шарасы өтіп жатыр. Тексеріс барысында 99 рет жол жүру ережесін бұзған «Volvo S40» маркалы автокөлік жүргізушісіне 2 млн 344 мың теңге айыппұл салынды.

Іс-шара басталғаннан бері 3231 ЖҚЕ бұзушылық анықталды. Оның 33-і мас күйінде көлік жүргізген және 60-ы көлік құралын басқару құқығы жоқ жүргізуші болса, 6-уы автокөлікті басқару құқығынан айырылған.

Көлік тәртібін арттыруда жол қозғалысы ережелерін бұзуды тіркейтін автоматты жүйелер маңызды рөл атқарады. Биыл елордада ПМ-нің «Қорғау» мобильді қосымшасы іске қосылды. Онда «Сергек» жүйесі камераларының, Жедел басқару орталықтарының және ПМ мобильді қосымшаларының мүмкіндігі біріктірілген.

Жедел алдын алу шарасы басталғаннан бері «Қорғау» қосымшасын қолдану арқылы 286 жүргізушіге әкімшілік құқық бұзушылық бойынша берешектері туралы хабарланды. Нұр-Сұлтан қаласының комму-

налдық тұрағына 129 автокөлік орналасты.

Сондай-ақ «Сергек» камералары коммуналдық тұраққа қойылған «Volvo S40» маркалы автокөлікті тіркеген. Автокөлік жүргізушісіне 2 млн 344 мың теңгеден астам сомаға хабарлама жіберілген. Оған 99 төленбеген айыппұл есептелгені анықталды, оның 94-і жылдамдық режимін асырғаны үшін салынған.

Сонымен қатар полицейлер жүргізушісі бұрын көлік құралын басқару құқығынан айырылған «Ваз 21150» маркалы автокөлігін тоқтатты. Оның 2017 жылы мас күйінде көлік жүргізгені үшін сот тәртібімен көлік құралын басқару құқығынан айырылғаны белгілі болды. Тәртіп бұзушы ҚР ӘҚБК 612-бабының 4-бөлігі бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды.



ҚАРАСУ ӨЗЕНІ ТАЗАРТЫЛДЫ

Қала маңын ретке келтіріп, көшелер мен аудан аумағындағы аулаларды, жалпы қоршаған ортаны таза ұстау – халық үрдісі. Ауа райының қолайлылығын пайдаланып, Нұр-Сұлтан қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы Қарасу өзенінің бойында «Таза су» экологиялық акция-сенбілігін өткізді.

Іс-шара қаладағы «Clean City NC» ЖШС, «Астана жастары» КММ және «Байтақ болашақ экологиялық альянсы» РҚБ-мен бірлесіп ұйымдастырылды. Экологиялық акцияға қатысушылардың қай-қайсының да басты мақсаты туған қаланың тазалығына атсалысу болатын.

Қолдарына кетпен-күрек алып, сенбілікке шыққандар түске дейін Қарасу өзенінің бойын айнадай етті.

Жылдағы дәстүр бойынша тазарту жұмысы барысында аталмыш мекемелерден сенбілікке қатысушы азаматтар өзен аумағын тұрмыстық қалдықтар



мен күл-қоқыстан арылтып, Қарасудың айналасын ретке келтірді. Бұл маңдағы жердің қолмен тазартылды. Осылайша сенбілікке шыққандар сол күні су аумағынан барлығы 260 келі немесе 92 қап қоқыс жинады. Оның 53-і қайталама шикізаты

бар қап болса, қалғаны – қайта өңделмейтін қалдықтар.

Аталмыш акцияға елордалық 80 ерікті қатысты. Олар қоршаған ортаның тазалығын сақтау арқылы азаматтардың экологиялық санасының қалыптасуы мен дамуына өз үлесін қосты.

Калиолла Ахметжанның «Жараған темір кигендер (батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері)» атты кітабы 1996 жылы жарық көрді. 2003 жылы «Қазақтың дәстүрлі қару-жарағы: даму тарихы, құрылымы, этномәдени функциясы (тарихи-этнологиялық зерттеу)» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Қалиолла Саматұлының 2006 жылы шыққан «Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы» атты кітабы да елімізде мамандардың жоғарғы бағасына ие болды. 2007 жылы орыс тілінде шыққан «Этнография традиционного вооружения казахов» атты кітабы Мәскеуде өткен ТМД мүшелігіне кіретін мемлекеттердің «Кітап өнері» атты IV Халықаралық конкурсында III дәрежелі дипломға ие болды.

– Өткен ғасырларда көркем өнердің «bataille» деп аталатын жанры болған. Онда ұрыс даласын, қанды шайқастар мен жауынгерлерді бейнелейтін. Қазір енді ондай жанр жоқ десе де болады, өйткені қазіргі заманның көркем өнерінде бұл да жоғалып барады.

– Жасымнан батырлар жырын жаттап өскеннен бе, солардың кейіпкерлерін кескіндейтін суретші болуды армандайтынмын. Уақыт өте келе, арманым батырлық, жаугершілік дәуірін зерттеп, бабаларымыздың қанды жорығын қалпына келтіруге ден қойдым. Қазақтың ұлттық әскери дәстүрі туралы зерттеуім кітап болып шыққанда Ақселеу Сейдімбеков ағамыз: «ой, Қали, айналайын сен қалай тапқаның? Эпостарды біздер де зерттедік, бірақ мұны көрмегенбіз ғой» деді. «Аға, сіздер оны филолог, көркем әдебиет ретінде талдадыңыздар. Мен қару-жарақтың зерттеушісі ретінде қарастырдым» деп жауап берген едім.

– Ата тарихтың рухы бөлшегі тым болмаса дәстүр, мәдениет ретінде сақтай алмағанымыз қандай өкінішті. Өзіңіз қалпына келтірген дулығадан бастап, сауыт, қылыш, найза, қалқа, садақ пен қорамсақ көбімізге таныс болса да, батырлардың шарайнасы туралы жинаған мәліметіңіз қызық екен.

– Әулеттерде сақталған батырлардың жәдігерлері көп болмаса да бар. Оның кейбіреуін солардың негізінде реконструкция жасап, тұтас қалпына келтірдім. Мысалы, Бегенбай батырдың дулығасы музейде сақтаулы тұр. Зерттей келе, жиегінің жапсырмасының ізімен құйып, әшекейін шекіп бүтіндей шықтым.

Қабанбай батырдың шарайнасының бір бөлігі ұрпағының қолында қалыпты. Өзім зерттегендіктен білемін, оның саны төртеу болған. Жауғаш батырдың төрт жағынан тағатын шар айнасы Меркідегі музейде тұр. Мұны жаугершілікте кіреуке сауыттың сыртынан тағады. «Шар» парсыша төрт дегенді білдіреді. Бірін көкірегіне, арқасынан бірі және шеті ойылған қос шарайнаны қолтығынан бастыра тағады. Яғни 4 бөліктен тұрады. Айнадай жарқыратып қояды, сол үшін айна дейді. Күнмен шағылысып, жауының мысын басатын да қасиетінен болар. Жау оғынан сақтайтын, одан да басқа магиялық күші болған.

– Батырлар жырында ғана қалған батырлықпен бірге, ұрыс даласындағы ерлік, шайқас мәнері, дүниетаным да келмеске кеткен екен-ау.

«Бадана көзді кіреуке, Тоғыз қабат көк сауыт, Саған арнап соқтырып Бұдырып кеттім кілемге» деген жолдар шынға айналып, буылған күйінде тарих топырағының астында қалғандай. Қалиолла Саматұлы Ахметжан – өшіп қалған жаугершілік мәдениеттің бір ұштығын қалпына келтіруде көп еңбек сіңірген суретші әрі ғалым. Ақмола облысы Өрнек ауылында дүниеге келген тарих ғылымдарының кандидаты, ұлтымыздың дәстүрлі қару-жарақ түрлерін қалпына келтіріп, зерттеп жүрген кескіндемеші-суретшімен өзінің шеберханасында кездесіп, қазақтың баһадүрлік жолы, хас батырдың бес қаруы туралы сөйлескен едік.

БЕС ҚАРУ – БАҒА ЖЕТПЕС БАЙЛЫҒЫМЫЗ

– «Батыр», «Ер», «Алып» – бүгінгі қазаққа ортақ, батырлар атауы. Батырлар жырының кейіпкерлеріне осылайша қосарланып аталатыны сондықтан. Шын мәніне келер болсақ, батырлар дегеніміз рыцарлар, самурайлар, кескілді кәсіби әскерилер, кәсіби жауынгерлер тобы. Кішкентай күнінен оған шайқастың, соғыстың барлық қыр-мен сырын қапысыз үйреткен, баулыған, ол осыны үйренген, машықтанған, әбден жаттыққан, шыныққан, шыңдалған. Керекті қару-жарағының бәрі бойында бар. Бір өзі оңға, жүзге, мыңға татитын баһадүрлер болған. Олар өзінің үйренгенін ұрпағына, ол өзінің ұрпағына беріп отырған. Ел шетіне жау тисе атқа қонып, ел қорғау қастерлі ісі болған. Қазіргі күнде бәрі өзгерді ғой. Бірақ ұлттық рухымыздың бір көрінісін тек музейлерде ғана сақтап қоймай, оны насихаттаудың жолын қарастыруға болатын шығар.

Технологиясы дамыған жапондарда қолмен күріш егуді тұрмыстан түсірмей, үкіметі қолдап құруар қаражат құйып, өнердің бір түріне айналдырып отыр. Неге? Олардың күріш шаруашылығы жапон мәдениетінің бар саласын қамтиды. Тілі, мәдениеті, дәстүрі, ғұрпы, өткені мен келешегі күріштің әрбір дөңегінде сақталған. Сол жоғалмас үшін аса тиімді болмаса да, шаруашылықты ұстап дамытып отыр.

Өткен тарихымызды да көпе-көрінеу бұрмалап жіберіп отырмыз. Кенесарының қылышы деп аталған бір жәдігер Шымкентте музейде тұр. Бірақ мен, өз басым, қылыштың Кенесарының екендігіне күмәндімін. Өйткені әр адамның өзінің статусы, соған лайық қаруын да сомдаған ғой. Хан басымен Кенесары жай қылыш ұстамайды. Мысалы, Оралда бір музейде Махамбеттің қылышы деп, 1904 жылы қолданысқа енген бір орыстың қылышын қойып қойған. Ұят емес пе?!

Сосын ойдан шығарылып, қазақ жауынгерінің қару-жарағына теліп жүрген дүниелер де жетеді. Ағаш тоқпақты да жауынгердің қаруына балап жүр. Негізі ол жыртқыш соғатын малшының тоқпағы болуы мүмкін. Сол себептен беліне тоқпақ байлаған батырлардың қадірі түседі. Ол тас дәуірінің адамы емес қой, ағаш тоқпақ арқалап жүретін. Басына шыт байлаған ба-

тырлар кинодан түспейді. Ханына таяқ ұстатып қояды. Бұл неден кеткен кемшілік. Кезінде жаугершіліктің баяны зерттелмей, жоғалып кетті. Кейіннен соғыс жылдары елге келген кеңес киношылары ойларына келген образбен қазақты сомдап, әлі күнге дейін соның ықпалынан айырылмай келеміз. Таяқ – негізі жамағатын жинаған дін басыларының белгісі. Зерттей келе білсем, Иван Грозныйдың бейнесінен шыққан екен. Ал ол – өте діншіл, елін дінмен басқарған. Міне, хандық жалғыз кетпей, батырлықтың жолы да өзімен бірге алып кетті. Жырлардағы «қорамсаққа қол салды, бір салғанда мол салды» деген жолды ескермей, киноның батырлары беліне байланатын қорамсаны арқасына іліп, Голливудтың кейіпкерінше садақтың оғын арқасына алып асырады.

– Батырдың бес қаруын түгендеп беріңізші.

– Бірінші қару, ол – садақ. Кейін оның орнын мылтық басты. Бұл – ату қаруы. Алыс қашықтықтан атады. Екінші, найза – түйреу қаруы. Бұның екі түрі бар. Сабы ағаштан жасалып, негізгі жарақаттайтын ұшына темірден кіргізеді. Басы жіңішке болып келетінін сүңгі деп атайды. Екіншісінің басы жуандау, жүзі жалпақтау келеді, ол сауыттың жауынгердің кеудесін ойып ірі жарақат салу үшін қолданады. Кейбіреуіне батырлар өздерінің туларын іліп қойған. Қоңыраулы найза да болған. Үшіншісі, кесу қаруы – қылыш. Төртіншісі – айбалта. Бесіншісі – шоқпар. Жауынгер болуы үшін бес қаруды меңгеру керек. Қазіргі заманның қару-жарағы бәрі біледі. Бұрынғыны білмейді, шатастырады. Қанжар деген не, семсер деген, қылыш, қайқы қылыш, наркескен, тіпті кездік пен пышақтың не екенін көп адам білмейді. Бес қарудың да қасиеті болған.

Қазақта «жау кеткен соң қылышынды бөкпе шап» деген сөздің мәні бар. Қылыш қынынан суырылған соң, бірденнің шабу керек. Құлаштап сілтемей, қынына салынса қасиеті кетеді. Ол туралы бір аңыз бар. Батыр аңғал ғой, жұрттың сөзіне еріп әйелінің басын шаппақ болып, қылышын қынынан суырғанда, оның күнәсіздігіне көзі жетіп, қылыштың жүзімен қолының терісін кесіп, қан ағызып барып, қынына салған. Қылыштан қан тамып, жауға кеткен ба-

тырдың қазасын да білдірген. Бүгінге дейін сақталып келген батырға тән жәдігерлер қасиетімен де тәтті еткен.

– Сіз кешегі өткен батырлардың ғана емес, сақ дәуірінен бастап жауынгерлердің киімін, ат-әбзелдерін қалпына келтірумен айналысып келесіз. Қай дәуірде қандай киім үлгілері болды?


– Жалпы мәдениетте «прогресс» деген ұғым жоқ. Мысалы, біз айта алмаймыз, сақ заманы бізден төмен, біз жоғарымыз деп. Ол дәуірде біздің қазіргі мәдениетімізден әлдеқайда жоғары болғанын зерттеу дәлелі көз алдымызда. Зертгерлік өнер, дизайнмыз олардың деңгейіне жете қойған жоқ. Сол заманның ер-тұман жабдықтарын біз ойлап шығара алмаймыз. Барды ғана қайталап, тамсанамыз. Сақ патшайымын алыңыз. Алтын зерлі сәукелесі, ұзындығы 70 см болған. Көмкерілген алтын жиектерінің бәрі – мифтік бейнелер. Бәрінің астарында үлкен мағына бар, оның бәрін танып білеміз деп айта алмаймыз, әлі де зерттелуде. Міне, дизайн десең дизайн бар, өнер технологиясы бәрі осында жатыр.

2016 жылы Әскери-тарихи музейге сақ, түркі және XVIII-XIX ғасырлардағы мұздай қаруланған қазақ батырларының үш топтамасын дайындап бердім. Одан бөлек, осы дәуірлердегі көшпенділердің тұрмысын түгендеп, қауын сайлап, жүйрігінің ер-тоқымын даярлап, оны жасап шығардым. Қазір музейлерде тұр.

Қаруанушы ретінде айтарым, сақтан соң, ғұн заманы, сосын қыпшақ, солай кете береді ғой. Өркениеттер жоғалмайды, келесі замандарда алғашқысының элементтерін ғана қайталап, өзгерсе де, онша өзгеріске ұшыраған жоқ. Себебі, салт сақталды, дәстүр сақталды, шаруашылық сақталды. Сол көшпелі халық, сол көшпелі халық. Ал отты қару кейін пайда болды. Оған дейін бес қаруын пайдаланған. Садақтар түркілерден басқаша. Қазақтарда садақ кірсінен босатып салынады. Сауыттарды да темірден мықтылап жасаған. Қозғалғанда икемді



ЕЛОРДАДА – ЕСІМІ



АЗАТТЫҚ ЖЫРШЫСЫ

Елордадағы көшелердің бірі Таңжарық Жолдыұлының есімімен аталады. Алайда бейуақта туып, бейопа жалғаннан мезгілсіз көшкен талантты ақынның өмір жолы мен әдеби мұраларын біреу білсе, біреу біле бермейді.

Күрескер ақын, Қытайдағы қазақ жазба әдебиетінің аса көрнекті өкілі Таңжарық Жолдыұлы 1903 жылы наурызда қазіргі Іле қазақ автономиялық облысының Күнес ауданындағы Қамысты көктеуілігінде өмірге келген.

Тоғыз жасында жанынан құрап, өлең айта бастаған бала Таңжарық Шығыс халықтарының әдебиетінен хабар мол Мыңбай дейтін ауыл молдасынан сауат ашады. 1916 жылы Ресейден қашып барған Әбілмәжит әпенді дейтін татар оқымыстысы ашқан мектепке түседі. 1918 жылы Шапқы деген жерден ашылған медресе-мектепке ауысады. 1919 жылы Күредегі (қазіргі ІҚАО Қорғас ауданы) моңғол-қазақ мектебіне оқуға түсіп, қытай тілін сауатты игеріп шығады.

Талапты жас бұндағы оқуды місе тұтпай, ауылындағы Нұптебек деген байдың «жырық көк» атанған атақты жүйрігін ұрлап мініп, Қалжат шекарасы арқылы Кеңес Одағына қашып өтеді. Бұл 1923 жылдың қаңтар айы еді. Нарынқолда 3 жыл оқып, орыс тілін меңгереді, қадамы жеткенше ел аралап, игі жақсылармен үйір-айқас болады. Әсіресе Абай мен Ыбырай мұраларына ерекше ден қояды. Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы бастаған Алаш зиялыларының еңбектерімен танысып, шығармаларын жас көкірегіне жазып алады.

Таңжарық ақын 1925 жылы туған өлкесіне қайтады, бірақ, ел ішіндегі бақталастары мен жансыздардың тынымсыз арызы салдарынан, Таңжарық 1926 жылдың күзінде тұтқындалып, Құлжадағы абақтыға қамалады. Бірақ, халық сүйер ұлын сұраусыз қалдырмайды, ел-жұрттың үдеген наразылығы мен ел жақсыларының табанды өтінішінің күшімен Таңжарық он айдан кейін түрмеден босап шығады. 1933 жылы өлкенің саяси өмірінде күрделі өзгерістер жарыққа шығады да, Таңжарыққа қоғамдық жұмыстарға белсене араласуына мүмкіндік туады.

Алайда 1940 жылдың ақпан айында Таңжарық екінші мәрте түрмеге қамалады. Оның бар «жазығы» осыған дейін «Алашордашылармен тіл біріктірді» деген күдіктен қолға алынған Мақсұт бастаған 70 адамға араша сұрап, билік органдарына арыз жазғаны еді. Таңжарықты Құлжа түрмесінде Кеңес Одағынан барған тергеушілер сұраққа тартады. Тамыз айында Үрімжідегі саяси тұтқындар түрмесіне жеткізілген Таңжарық табаны күректей төрт жылды тар есік, тас босағада өткізеді. Өлкедегі саяси жүйенің жаңаруына байланысты 1944 жылы күзде босап шыққан ақын көп өтпей қайта тұтқындалып, абақтыға қамалады. 1946 жылы бостандыққа шығып, туған ауылына оралған ақын қоғам жұмысына дендеп араласа бергенде, 1947 жылы 6 тамыз күні өмірден озады.

Күрескер ақынның 129 лирикалық өлеңі мен толғауы, 7 өлең-романы, 5 қиссасы, 6 айтысы, 11 әні халық мұрасына айналды.

Сұхбаттасқан
Айгүл УАЙС

Ерлан МАЗАН

№90 (4368) 02/08/2022 Сейсенбі

1920 жылғы 3-тамызда Петропавл уездік ревкомы болыстарда азық-түлік салғыртын орындаудың жағдайы туралы мәселе қарап, «жұмысты ширату туралы» қаулы алды. Бұл арада «салғырт» деген атауды түсіндіре кетейік. «Салғырт» – орысшасы «продразверстка», яғни өнеркәсіпті орталықтарды жабдықтау үшін, ауыл шаруашылығы саласындағы адамдардың қолындағы азық-түлігінің артығын күшпен тартып алу.

Сонымен, салғырт (продразверстка) науқаны басталып кетті. 1920 жылғы ақпанның 25-не дейін Ресейдің орталық аудандарына Қазақстанның солтүстігінен 305897 пұт астық және 163729 пұт ет жөнелтілді. Бұл – революциялық үкімет белгілеген жоспардың 5/1 бөлігі ғана болатын.

1920 жылғы 16-июльде Омбы губерниялық азық-түлік комиссары Мәскеуге, азық-түлік халық комиссары Цюрупуга мынадай жеделхат соқты: «В.И. Лениннің бұйрығы бойынша батыс майданға Петропавл, Петухов, Қостанай станцияларынан 300 мың пұт астық жібердік және Орталыққа жөнелту үшін 20 вагон май дайындап қойдық». Өсіріп қойған егіні, бордақылап қойған малы бар ма еді? Әрі қарай оқиық: «Қазақ аудандарында ет дайындауды (тартып алуды. - З.Т.) күшейтіп жатырмыз. Олардың тапсырған малының бес проценті мөлшерінде тауар бермекпіз. Ал, орыс аудандарында ет дайындау продразверстка жүзінде жүргізіледі».

Осылайша, «бес процентке мал сатып алу арқылы» халықты қатты күйзелткен үкімет, қысымды одан әрі күшейте берді. Өз халқына жасалған қиянат жауапсыз қалмақ емес. Жер-жерде наразылықтар бой көтерді. Орыс және украин шаруаларының ұраны: «Еркін сауда», «Коммунистерсіз кеңес үкіметі!». Бірақ, коммунистік тәртіптегі өкімет қарулы әскермен наразылықтарды халық атынан аяусыз басып отырды.

Мұндай наразылықтар жөнінде 1920 жылғы желтоқсанда Петропавлда өткен бірінші уездік-қалалық партия конференциясында ашық айтылды. Мысалы, азық-түлік жөніндегі баяндамашының көрсетуіне қарағанда: «саудада маға, сіріңке, сабын, жәрсін, тіпті бір тиындық түйме де жоқ... Соған қарамастан астығымызды, шөбімізді, майымызды... тегін алып жатыр». Делегаттар азық-түлік салғыртының шаруаларға ауыр екендігін көрсетті.

Қазақстанның Орталық және Солтүстік аймақтарынан мал мен астық жеткізу үшін Ресей Совнаркомының Ленин қол қойған 1920 жылғы 5-тамыздағы қаулысымен Петропавл-Көкшетау теміржолы шұғыл түрде салына бастады. Мұндай күзде басталып, қыс бойы жүргізілген ешбір ақыға сыймайтын төтенше жұмыс үлкен ауырталық әкелді. Онсыз да аштыққа ұшыраған халықтың жағдайы қиындап кетті.

Бірден-бір жұмыс көлігі жылқы ғана болғандықтан, әскер күшімен жергілікті ауылдардан жегін аттары жиналды. Оларға жеткілікті жем-азық табу да оңай болмады. Сонда да зорлықтың күшімен алғашқы үш айдың өзінде ғана 600 атқа қажет 22 мың пұт жем теміржол танабына жақын жерлерден жиналды.

Бұрмаланған тарихи санамызға бұл құбылыс басқаша түсіндірілді. Лениннің тікелей нұсқауымен қазақ даласын бақытқа кенелту үшін теміржол тартып бергеніне разылық білдірдік, осы бір тарихи оқиға жазушыларымыздың қаламына тақырып болып үйірлі,

СОЛТҮСТІКТЕГІ АШТЫҚ СЕБЕБІ НЕДЕ?

20-ғасырдың алғашқы ширегінде азамат соғысынан берекесі кетіп, күйреген Ресейдің халық шаруашылығын аяғынан тұрғызу қиын болғаны тарихтан мәлім. Орталықтағы өндірістік аймақтарда азық-түлік тапшылығы асқына түсті. Қазақстан сияқты қиыр аймақтағы астық пен мал күшпен жиналды. Сақталған құжаттарға қарағанда, 1920 жылы Петропавл станциясы арқылы орталықтағы өнеркәсіп аймақтарына 2 408 738 пұт астық, 3 119 пұт картоп, 28 144 бас ірі қара мен 48 679 қой, 168 мың пұт ет, 224 мыңнан аса жұмыртқа жөнелтілген.



театр сахналарына көрсетілді, әлдебіреулер сол үшін сыйлық алды, марапатталды. Ал, тарихи шындық, аштықтан жаппай қырылып жатқан халықтың тауқыметі көпе-көрнеу бүркемеленді. Шын мәнінде, аштықтың салдарымен күресу үшін емес, сол аштыққа себеп болған теміржол еді бұл. Онсыз да қасіретке ұшыраған жер-

“

Шын мәнінде, аштықтың салдарымен күресу үшін емес, сол аштыққа себеп болған теміржол еді бұл. Онсыз да қасіретке ұшыраған жергілікті халықты одан әрі тонап, күнкөрісінен тезірек айыру үшін, там-тұм ғана азық-түлігін тақырлап сыпырып алып, Ресей қалаларына жеткізу үшін Петропавл-Көкшетау теміржолын салу жұмыстары тікелей қысқа қарай басталып, 1922 жылғы 28-маусымда Көкшетауға пойыз қатынасы басталды. Ақ қар көк мұзда, екі қыс бойы тартылған бұл жолдың қаншама адам сүйегінің үстінде тұрғанын, осы күні біреу білсе, біреу біле бермейді. Кеңестік зорлықтың үлкен құпияларының бірі – осы...

гілікті халықты одан әрі тонап, күнкөрісінен тезірек айыру үшін, там-тұм ғана азық-түлігін тақырлап сыпырып алып, Ресей қалаларына жеткізу үшін Петропавл-Көкшетау теміржолын

салу жұмыстары тікелей қысқа қарай басталып, 1922 жылғы 28-маусымда Көкшетауға пойыз қатынасы басталды. Ақ қар көк мұзда, екі қыс бойы тартылған бұл жолдың қаншама адам сүйегінің үстінде тұрғанын, осы күні біреу білсе, біреу біле бермейді. Кеңестік зорлықтың үлкен құпияларының бірі – осы...

Бұл жолдың маңызы осы уақытқа дейін «Қазақ халқының экономикасы мен мәдениетін көркейту үшін кеңес үкіметінің қамқорлығы» деп түсіндіріліп келді. Төңкерістен-төңкеріс, берекесі кетіп, бүлінген мемлекет қайдағы бір «киргиздарды» көркейту үшін қақаған қыста жол салып, орасан шығын мен құрбандыққа барды дегенге сәбиді де сендіре алмайсыз... Ал, шындықты көрсетіп, тарихи оқиғалардың себебі мен салдарын бүкпесіз түсіндірсек, одан теміржолдың да, басқаның да беделі түсіп қалмайды.

Губерния халқынан азық-түлік жинау (тартып алу, деп оқыса, дұрыс болар. – З.Т.) үшін Ресейдің орталық қалаларында арнайы әскери күштер жасақталды. Оларға қоса жергілікті жерлерден отрядтар құрылды.

1921 жылдың 30-желтоқсанында Мәскеуде мынадай бұйрық жарияланды (түсінікті болу үшін орысша түпнұсқа мәтінін берейік):

«Части Особого назначения Киргизской Советской Социалистической Республики выделяются из состава частей Особого назначения Приволжского Военного округа с самостоятельным управлением с 1 января 1922 года. ЧОН Акмолинской и Семипалатинской губерний в оперативном отношении остаются в подчинении Комчонсиб, в остальных отношениях подчиняются Комчонкир респ».

Бұл құжаттың ерекшелігі – Ақмола және Семей ЧОН-дары сөз жүзінде Қазақстанға (Кир-республика) ал, іс жүзінде Сібірге (Ресейге), бағынатынын

көрсетеді. Осыған да назар аударайық. Қарулы күштерге келгенде, «республика дербестігі» деген түсініктің бос сөз екендігінің бір айғағы осындай.

Осылайша, Петропавлда Ақмола губерниялық Ерекше қызмет бөлімдері (ЧОН) құрылды. Ақмола, Атбасар, Көкшетау уездерінде де осындай бөлімдер құрылды. Ал, Петропавлдағы ЧОН губернияға тікелей бағынатын еді.

Ардақты ағамыз, атақты жазушы Сәбит Мұқановтың атқа мініп, бөркіне қызыл байлап, көзге түсетіні нақ осы кез. Осы ЧОН-ның белсенді қызметкері ретінде «тап жауларымен», аяусыз күрескен. Бұл жолында Сәбен өзі былай жазады:

«Продразверстка жұмысы қанша қиыншылықпен жүрсе де, 1921 жылдың қаңтар айының жоспарын Пресногорьковкадағы райпродком орындады да, телеграмма арқылы Россияның Социалистік Федеративтік Советтік Республикасының Халық комиссарлар Советінің Председателі Владимир Ильич (Ульянов) Ленинге рапорт берілді. Рапортқа қол қоюшы бес кісінің бірі болу бақыты – менің де маңдайыма жазылды!...»

Сәбен бір ауданның жоспарын орындап тастап, «Қызылжардан Пресновкаға барған кезде, продразверстканың халі аса нашар екен, азық-түліктің барлық түрі де планы мөлшерден әлдеқайда кем орындалыпты. Сол күні райпродкомның комиссары Дерявинді Ленин прямой проводқа шақырыпты. Дерявиннің Ленинмен сөйлесуі түн ортасы ауа біткен...» (Шіркін, Ленин де ғажап қой, Москва емес, Омбы емес тіпті Қызылжар емес, жердің түбіндегі Пресновтың өзінен Дерявинді іздеп тауып алған. Ал, «күн көсеммен» түн ортасына дейін сөйлескен Дерявин де осал емес! – З.Т.).

Бұл арада ескерте кету керек, большевиктік үгіттің дәл осындай өтірікке, қысынды қиялға

“

Малынан, астығынан айырылған халықтың ертеңгі күні қараң екенін Сәбит Мұқанов өзі де байқаған, жазып кеткен. Қызылжарға келе жатқанда, бұрын «қойын сойып, қолын қусырып» дегендей құрметпен қарсы алатындардың көбі енді теріс айналғанын, тіпті қондырмайтынын ашық жазған. «...Су татырар емес. «Тамақ сат» десең, «бар тамақты өзің жинап алған жоқпысың, аштан өлгелі отырмыз, бізге өзің бер!» деп кекетеді»

негізделген мысалдары аз болмаған. Мына жолы да қараңғы халықты үркітіп-қорқытып, алдап, Ленин атымен үгіттеп, көндіру амалын көреміз...

Сәбеннің сол күні ол жоспары орындалмай қалған «Біреу қазақ болысына баратын отрядтың бастығы болып кетеді де... тапсырманы тағы да мүлтіксіз орындап қайтады». Тапсырма болғанда, елдің өз еркімен алдына салып беріп отырған малы болмаса да, үгіттеп, реті келгенде «қысып» ет жинау мәселесі.

Соның алдында ғана, 1920 жылғы 21-қарашада азық-түлік жинау барысы жөнінде Қызылжарға Бүкілодақтық Орталық атқару комитетінің төрағасы Михаил Иванович Калинин келіп жиналыс өткізеді. Сәбенмен сырласады. Сәбен Калининнің вокзал басында тұрған «Салон-вагонныңда» қонақ болады, «...орысша сырнай

тартып, өлең айтады. Михаил Иванович... кей жерінде күле отыра... рахаттана тыңдайды».

Ресейге азық-түлік жинап жіберу мәселесі қаралған Петропавл қалалық жиналысында Калининнің айтқандарын Сәбит Мұқанов өз естеліктеріне былай түсіріпті:

Калинин «...әуелі көпшілікті күлдіре Совет өкіметінің орнауымен құттықтап алды да:

– Бұл жолы мен сіздерге Москва мен Петроград халқының сәлемін ғана әкелдім, – деді, олардың сәлемінен соң айтқаны: – Ақмола облысы бір қысша бізді азық-түліктен тарықтырмасын, ол қарызды біз де бірдеме ғып өтеуге тырысармыз...».

Жиналыс соңында «Ақмола облысынан 3 миллион пұт астықты, 43 мың бас малды үш айдың ішінде Москва мен Ленинградқа жөнелтуге қаулы алынды».

Нәтижесінде «Жағдай сонша қиын болғанымен, уәделі күні аудандағы продразверстка түгел орындалды да, Лениннің атына жоғарыда аталған рапорт жазылды. Продразверстка жұмысы, әрине, онымен тоқтаған жоқ. Прототрядтар қызметін қызу жүргізіп жатты».

Жоғарыда айтылғандардың дұрыс-бұрысын тексере алмаймыз. Өзі қатысқан, көзімен көрген жазушының сөзіне сөз қоспаймыз. Бірақ, сол «тоқтамаған, қызу жүріп жатқан» разверстканың бүкіл өлкені, тіпті Қазақстанның тең жартысын аштық қырғынына ұшыратқаны, мыңдаған адамдардың ажалына себеп болып, тағдырын талқандағаны да ақиқат.

Ал, үлкен бастық Калинин, сонша ақылды кісі, сілекейі шұбырып Сәбеннің сырнайын тыңдап отырғанда не ойлады екен? Сол кезде-ақ, Еділ бойынан, ішкі Ресейден Қызылжарға ағылып келіп жатқан, сол вокзалдың маңында қаңғып жүрген, қырылып жатқан аш-жалаңаштарды көрмеді ме? Керді. Малын, астығын сыпырып алса, мына табиғаты қатал қазақ даласындағы халықтың жаппай аштыққа ұшырайтынын білді ме? Білді.

«Ақмола облысы бір қысша бізді азық-түліктен тарықтырмасын, ол қарыздымызды біз де бірдеме ғып өтеуге тырысармыз...» дегені рас болса, онысы жұрт алдындағы сайқымасағы. Шын мәніндегі өтеуі сол жылы 500 мың адамның аштық қасіретіне ұшырауы болады. Бәсе, Ленин Пресновкадағы қайдағы бір Дерявинді сол үшін іздеген екен-ау!

Малынан, астығынан айырылған халықтың ертеңгі күні қараң екенін Сәбит Мұқанов өзі де байқаған, жазып кеткен. Қызылжарға келе жатқанда, бұрын «қойын сойып, қолын қусырып» дегендей құрметпен қарсы алатындардың көбі енді теріс айналғанын, тіпті қондырмайтынын ашық жазған. «...Су татырар емес. «Тамақ сат» десең, «бар тамақты өзің жинап алған жоқпысың, аштан өлгелі отырмыз, бізге өзің бер!» деп кекетеді».

ЧОН-дар, прототрядтар және олардың халықты атып-шауып, қан қақсатқан қасіретті қызметі туралы «Өмір мектебінде» тәттіштеп, көркем әңгіме түрінде қызғылықты, жадыраңқы көңілмен қағазға түскен... Халық тағдыры осылайша ойыншыққа айналған.

Зарқын ТАЙШЫБАЙ,
Қазақстанның еңбек
сізрген қайраткері,
М.Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан уни-
верситетінің профессоры

(Жалғасы бар)

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ӨЗГЕРІС НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?

Қазіргі таңдағы білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты – ой-өрісі дамыған, шығармашылық деңгейде қызмет ете алатын, дүние-танымы биік, бәсекеге қабілетті, жан-жақты, сыни ойлай алатын жеке тұлға тәрбиелеу.



Қазіргі замандағы жаһандануып жатқан әлемде бәсекелестік жағдайына тез бейімделу қабілеті тұрақты дамудың ең маңызды факторы болып табылады.

Әлем елдеріндегі білім беру жүйесінің құрылымы әртүрлі. Бұл жүйе ерекшеліктеріне қарай даму үстінде. Себебі кез келген елдің бәсекелестік мүмкіншіліктері көбіне білім беру жүйесінің жай-күйімен анықталатын мемлекеттің әлеуметтік капиталының дамуына тәуелді.

Білім деңгейінің жоғарылығымен танылған мемлекеттер жаһандану үдерісінде сәйкес реформалар жүргізуде. Білім беру жүйесіндегі реформаға негізделген әлемдік дамудың негізгі үрдістері:

- қоғам дамуының жылдамдығы;
- ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқындылығы;
- ғаламдық проблемалардың шығуы және анықталған тақырыптарды бірлесіп шешу мәселелері;
- қоғамның ашық демократиялығы;
- экономиканың өсуі мен бәсекелестіктің қарқынды жүруі;
- адам ішкі әлеуетінің мүмкіндіктері.

Дүние жүзінің білім жүйесін зерттеген сарапшылар әртүрлі көрсеткіштерді ала отырып, көптеген елдердің білім жүйесін салыстырған. Көрсеткіштер бойынша дүние жүзінің 26 мемлекеті өздерінің білім жүйесінің озық үлгілерімен ерекшеленген. Солардың қатарында Ирландия, Дания және шығыстағы Тайвань елі де бар.

Әр елдің білім жүйесінің ерекшеліктері бар. Ирландияның білім беру жүйесі алдыңғы дамыған мемлекеттердің қатарына кіреді. Сонау орта ғасырлардан бері осы елде білім беру ісі ең маңызды іс болған. Сондықтан болар Ирландияны «әулиелер мен оқымыстылар аралы» деп атаған.

Ирландияда білім беру ісі жақсы жолға қойылған. Еуропа елдері бойынша Ирландия мектептегі сабақтар саны көп, ағылшын оқушыларына қарағанда ирландықтар әр түрлі деңгейдегі емтихандарды көбірек тапсырады.

Ирланд мұғалімдеріне қойылатын талаптар да жоғары. Ұстаздардың жалақысы өте жоғары. Мұғалім – мәртебелі мамандық иесі.

Қазіргі уақытта Ирландияда білім беру ісін басқару және жауапкершілік Білім және ғылым департаментіне (DES) жүктелген. Департамент білім беру аспектілерін қарастырып, оқу жоспарлары мен ұлттық сынақ байқауларын өткізеді.

Орта білім беру сатысындағы мектептер орта мектеп, көсіптік мектеп, қоғамдық және біріншілік мектеп болып бөлінеді. Мектептің типі қаржыландыру көзіне байланысты анықталады.

Ирландияда 12 жылдық білім беру жүйесі қалыптасқан. Міндетті білім алушылар 6-19 жас аралығындағы балалар қамтиды. Бұл елдегі барлық бастауыш мектеп 1999 жылдан жалпы мектеп бағдарламасы – The Primary School Curriculum-мен жұмыс жасайды. Бастауыш сыныпта оқушылар негізгі пәндер және ана тілі, ағылшын тілі, дінтану, дүниетану пәндері бойынша тәлім алады. Бастауыш сынып оқушыларының сабақтары ойын түрінде және топтық жұмыстар негізінде жүргізіледі. Балалар жастайынан өзара әрекеттестікте, бір-бірімен қарым-қатынас жасау дағдысы қалыптасып, жастайынан қоғам өміріне бейімделе алатындықтарын зерттеу нәтижелерін көрсетті.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіне өте көп өзгерістер енгізілді. Солардың ішінде 12 жылдық білім беру, 3 тілде оқыту, топқа бөліп оқыту, бағалау жүйесі. Қазақстан Республикасының 12 жылдық білім беру тұжырымдамасында педагог кадрлардың кәсіби-тұлғалық құзыреттілігін қалыптастыру басты мақсат екендігін атай келе, 12 жылдық білім беруде педагог төмендегідей құзыреттіліктерді игеруі міндетті деп көрсетілген.

1. Арнайы құзыреттілік – өзінің кәсіби дамуын жобалай білетін қабілеті.
2. Әлеуметтік құзыреттілік – кәсіптік қызметімен айналысу қабілеті.
3. Білім беру құзыреттілігі – педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін қолдана білу қабілеті.

Ендеше құзыреттілік де-геніміздің өзін қазіргі заман

талабына сай педагог қауымының өзін-өзі өзгерте алу қабілеттілігі деп түсінуге болады. Білім саясатындағы түбегейлі өзгерістерді күнделікті оқу үрдісінде берілетін тапсырмалардан бастау қажет екендігі айқын көрсетілген. Студенттер оқытушы қауымынан тек білімге ғана емес, өмірге үйрететін қабілеттілікті қажет етіп отыр. Демек, болашақ педагогтеріміз осы ақпараттық қоғамнан қалыспай, жедел ойлаушы, жедел шешім қабылдаушы, ерекше ұйымдастырушылық қабілетті, нақты бағыт-бағдар беруші болып шығуы – қазіргі заманның талабы. Құзіреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі – болашақ мұғалім. Қазіргі студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білу-ге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ. Бұның өзі өз кезегінде қазіргі ұстаздардан шәкіртті оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзіреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді.

Менің ойымша, 12 жылдық білім беру жүйесі дұрыс. Бірақ ол сапалы болып, мектепте оқушының өміріне қажетті пәндер оқытылуы керек. Жеке басым мектепте 8-сыныптан бастап оқушының қызығушылығына қарай, таңдаған мамандығына қарай пәндерді жетік оқытатын едім. Сонымен қатар, теория жүзінде ғана емес, практика жүзінде де жұмыс істейтін едім. Ұстаз оқушылармен емін-еркін қарым-қатынаста болуы керек деп ойлаймын. Егер білім сапасыз, әрі қажет емес пәндер оқытылса, баланың оқуға деген қызығушылығы да кемиді. Уақытты босқа өткізу болады.

Ал 3 тілділікке келетін болсақ, бұл жүйені 5-сыныптан бастап енгізген абзал. Себебі, бастауышта оқушылар алдымен өз тілдерін жетік білулері қажет. Егер де бұл жүйе бастауыштан бастап қолданылса, онда тіліміздің деңгейі төмендейді, тіліміз шұбарланып кетеді.

Қазақ тілі ең бай тілдердің қатарында. Сөздік қоры бойынша 3-ші орында. Сондықтан

тілімізді құрметтеп, сақтайық. Тілсіз, дінсіз ұлт болмайды. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деген бар емес пе?! 3 тілділік арқылы көп ақпарат алуға мүмкіндігіміз ашылар еді. Себебі, дамыған елдердің бәрінде ағылшын тілі қолданылады. Осының арқасында көп зерттеулер жүргізіліп, жаңа технологиялар жасалынатын еді. Тіпті бұрыннан ақ дәрі-дәрмектер ағылшын не латын тілінде ағылшын өмір сүруіміз оңай бола түсер еді.

Кәсіби шеберлігіміздің зор, білім өрісіміздің кең, зиялылық және танымдылық деңгейіміздің жоғары болуы үшін өзге елдің мәдениеті мен ділін ұғыну үшін үйренгеніміз жақсы. Алайда елімізге оңай соқпасы хақ. Алдымен мұғалімдерді үйретіп, кейін оқушыларға үйреткен жөн болар еді. Шет тілдерді меңгеру Қазақстан секілді дамушы елдер үшін аса маңызды мәселе. Ол – еліміздің экономикасын, мәдениеті мен ғылымын дамыған мемлекеттер қатарына енгізуде маңызды рөл атқаратын алғышарт. Көптілділік, үш тұғырлы тіл ұлт келешегінің бағдаршамы екендігін әрқашан әрқайсымыздың қаперімізде болғаны абзал.

Қазіргі таңдағы білім беру жүйесіндегі мәселелердің бірі кітап деп айтар едім. Қазіргі жаңа оқыту бағдарламасына байланысты жазылған 5-7 сынып оқулықтарында кемшіліктер бар деп есептеймін. Кітаптарда тақырып ашылып жазылмаған, ақпарат өте қысқа жеткізілген. Мысалы, қазіргі кезде қазақ тілі кітаптарында ережелер аз кездеседі, тіпті жоқ деп те айтсақ болады. Бұл дұрыс емес. Оқушы ережені білмесе, жазу сауаттылығы төмендейді. Солай кете берсе, ұрпағымыз сауатсыз болмай ма деген ой мазалайды.

Тағы айта кететін мәселе – оқушыларды бағалау жүйесі. Бұрынғы бағалау әділетсіз болатын деп есептеймін. Қазіргі кезде баллмен есептеу жүйесі қолданылады. Бұл – ұстаздарға тиімді жүйе. Алайда әлі де шикіліктер бар. Осы мәселені шешуге атсалысқанымыз жөн. Әлі де техникамен қамтамасыз етілмеген мектептер саны көп.

Білім деңгейінің төмен болуы білімі нашар мұғалімнен, не педагогикадағы әдістерді дұрыс қолданбаудан. Егер әрбір адам өз ісінің шебері болғанда, өз мамандығын 100%-ға емес, 200%-ға білгенде, бәрі де керемет болар еді. Педагогика саласындағы олқылықтар мен мұғалімдердің қағазбастылығын көрген оқушылар педагог болуға талпынбайды. Педагогикаға бармауының, таңдамауының себептерінің бірден бірі – осы. Мұғалімдікті бітіргенімен, өз мамандығымен істемейтіндер де елімізде жетерлік. Сол себепті қазіргі таңда мұғалім жетіспеушілігі мәселесі туындап отыр.

Елжан ӘСІЛБАЕВ,
Нұр-Сұлтан қаласы
Ә. Бөкейхан атындағы
№76 мектеп-лицей
директорының
оқу ісі жөніндегі

Еліміздегі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің мамандары субұрқақта шомылу жіті ішек инфекциясына, респираторлық инфекцияға әкелуі мүмкін екенін ескертеді.

СУБҰРҚАҚТАР ҚАУІПТІ МЕ?

Жалпы қаладағы субұрқақтардағы су шомылуға арналмаған. Оның құрамына денсаулыққа айтарлықтай зиян келтіретін түрлі химиялық заттар қосылады. Сол арқылы әр түрлі инфекцияларды жұқтыру қаупі бар. Мамандар жыл сайын жазда, мамырдан қыркүйекке дейінгі айларда, вирустық санитариялық-химиялық және бактериологиялық көрсеткіштердің бар-жоғын анықтау үшін су сынамаларын ала отырып, субұрқақ кешендеріндегі су сапасына мониторинг жүргізеді.

Бүгінгі таңда елімізде 643 субұрқақ бар, оның 318-і (49,4%) зертханалық бақылауға алынған.

Биыл жыл басынан бері вирусологиялық көрсеткіштер бойынша 197 су сынамасы, бактериологиялық көрсеткіштерді анықтау үшін 76 су сынамасы және санитариялық-химиялық көрсеткіштер жөнінен 47 су сынамасы алынды. Сәйкес келмейтін сынамалардың негізгі көлемі (9,1%) вирусологиялық көрсеткіштер бойынша анықталған. Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті өкілдері азаматтарды сақтық шараларын сақтауға шақырып, субұрқақтарда шомылудан аулақ болуға кеңес береді.

Баян АСЫЛБЕКОВА



МОНИТОРИНГТІК КОМИССИЯ ӨЗ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

«AMANAT» партиясы Нұр-Сұлтан қалалық филиалы «Кедергісіз келешек» партиялық жобасы аясында әлеуметтік мекемелерде, сауда үйлері мен орталықтарында бақылау комиссиясы өз жұмысын бастады.



Бақылау комиссияның мақсаты – қоғамның мәселелерін партия назарында ұстау. Белгілі бір нысандарға арнайы құрылған мониторингтік топтар ерекше қажеттіліктері бар адамдарға кедергісіз, тәуелсіз органы қалыптастыру және олар үшін инфрақұрылымның толық қолжетімділігін қамтамасыз ету, ірі, кіші сауда орталықтарында болып, азық-түлік тауарларының бағаларына сараптама жұмыстарын және т.б мәселелерге бақылау жүргізуде.

Бақылау комиссиясының ең алғашқы бастау алған нысаны – «Жастар сарайы» мәдениет орталығы болды. Мониторинг жүргізуде негізгі талаптар ерекше қажеттіліктері бар жандарға кедергісіз қолжетімділікті қамта-

масыз ету болып табылады. Яғни бұл, ең алдымен, ғимараттарға кіруді қамтамасыз ету – сыртқы баспалдақ, пандустар, кіреберіс платформасы, кіреберіс және ішкі есіктер, есік табалдырығы мен баспалдақтар.

Мониторингке аудан әкімі аппаратының, Нұр-Сұлтан қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының өкілдері, сондай-ақ партияның аудандық атқарушы хатшылары белсенді мүшелері қатысты.

Қаламыздың хал-ахуалын, тұрғындардың мәселелерін назарға алып, бақылау жұмысы өз жалғасын табуда. Орын алатын өзгерістерді тексеру мақсатында мониторинг апта сайын жүргізіліп отыратын болады.

«Continental Logistics» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің 96-шы бабы және 26.10.2021 ж. Қоғамдық тыңдауларды өткізу ережесі №425 бұйрыққа қосымшаның 41-т. талаптарына сәйкес, 2022 ж. 14-18 тамыз аралығында бірыңғай экологиялық порталында (ecportal.kz) «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі жобасы бойынша «Continental Logistics» ЖШС арнайы халықтық талдау түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды. Ескертулер мен ұсыныстар ұсынуға арналған бірыңғай экологиялық порталында толық жобалық құжаттармен танысуға болады.

«Нұр-Сұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамы «Нұр-Сұлтан қаласындағы» Нұр-Сұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ отын-май күй кешенінің шығыс базасының өрт сөндіру жүйесінің өрт сөндіру құбырын күрделі жөндеу» жобалық-сметалық құжаттамасы бойынша қоғамдық талқылауын өткізеді. Жоспарланған іс-әрекеттің бастамашысы: «Нұр-Сұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамы

ҚОҚ жобасының әзірлеушісі: ЖК Баймаханова., тел: 87079476947 эл.адрес: bgm-86@mail.ru.

Жоба бойынша құжаттама сайтта орналастырылған бірыңғай экологиялық порталда – ecportal.kz.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар 10 мен 17 тамыз аралығында қоғамдық талқылаулар өткізілетін күнге дейін 5 жұмыс күнінен кешіктірмей бірыңғай экологиялық порталға ecportal.kz жолдауға болады.

№90 (4368) 02/08/2022 Сейсенбі



«АЛЖИР»-дің ӘЙГІЛІ ЕСІМДЕРІ

«АЛЖИР» саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының мемориалды мұражай-кешенінің «Алаш» залында «АЛЖИР»-дің әйгілі есімдері» көрмесі ашылды. Оның мақсаты – ХХ ғасырдың 30-50-жылдарындағы қасірет пен оқиғаларды есте сақтап, тоталитарлық жүйенің жазықсыз жапа шеккен құрбандарына қатысты әділеттілікті қалпына келтіру, өсіп келе жатқан ұрпақты патриоттық сезімге және адамгершілікке тәрбиелеу, музей қызметін насихаттау.

ГУЛАГТЫҢ лагерлері арқылы 18 мыңнан астам әйел этаппен өтті. Оларды үнемі лагерден лагерьге ауыстырып отырған. «АЛЖИР»-де бір мезгілде 8 мыңға жуық әйел отырған. Олардың ішінде көбі орыстар – 4 390 (50 %), еврейлер – 855 (20

%), украиндар – 740 (15 %) және қазақ – 87 (2 %) әйелдері болды. Сонымен қатар, лагерде неміс, француз, швед, жапон, норвег, австриялық, поляк, грузин, армян, эзербайжан, литвалық, латыш және т.б. ұлттың әйелдері жазасын өтеген. «АЛЖИР»-де қайтыс

болған әйелдер саны нақтыланбаған. Кейбір деректер 600-ге жуық дейді.

Тұтқындалғандар – негізінен одаққа танымал саяси және қоғам қайраткерлерінің әйелдері. Атап айтқанда, Әзиза Рысқұлова және оның анасы Арифа Есенғұлова, Дәмеш Жүр-

генова, Рабиға Асфандиярова, әнші Лидия Русланова, жазушы Галина Серебрякова, атылып кеткен маршал Тухачевскийдің отбасының әйелдері, жазушы Борис Пильняктың әйелі Кира Андронникошвили, Юрий Трифоновтың әйелі Евгения Лурье, Булат Окуджава мен Майя Плисецкаяның да аналары болды.

Көрмеге 30-жылдары Үкіметте жоғары лауазымдық қызмет атқарған және «халық жауы» ретінде атылған азаматтардың әйелдері – «АЛЖИР» тұтқындарының фотосуреттері, мұрағаттық құжаттары және жеке заттары қойылған.

КӨРМЕДЕ – СОҒЫС ТАРИХЫ



Елордада екі мәрте Кеңес Одағының батыры, аты аңызға айналған ұшқыш Талғат Бигелдиновтің 100 жылдығына орай «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан» атты көшпелі көрме өтті.

Мемлекеттік әскери-тарихи музейі ұйымдастырған көрме қонақтары Ұлы Отан соғысына қатысқан қазақстандықтардың жеке заттарымен, архивтік құжаттармен және тағы басқа жәдігерлермен танысты. Бұл қатарда Талғат Бигелдиновтен қалған жәдігерлер де болды.

Екі жыл ішінде ол ИЛ-2 шабуылдаушы ұшағымен

305 мәрте ұшқан. Оған ең жауапты деген, мәселен, плацдармдарды, жаудың бекіністерін жою секілді жауынгерлік тапсырмалар жүктелді. Қиян-кескі шайқастарда ержүрек ұшқыш жаудың жеті ұшағын атып түсірді. Ол Берлин аспанына бірінші болып барлау жүргізді. Жоғарғы қолбасшылық қазақ халқының батыр ұлына тоғыз рет алғыс жариялады.

ҚАЛАМҒЕР ҚОРЫ – АРХИВТЕ

Нұр-Сұлтан қаласының Мемлекеттік архиві публицист, деректанушы, ұлттық қауіпсіздік ұйымының адагері, Қазақстан журналистер Одағының мүшесі Амантай Кәкеннің 1941-2020 жылдар аралығын қамтитын жеке қоры құжаттарымен толықты.

Қаламгердің жеке қоры патша заманындағы және Кеңес одағы кезеңіндегі деректерді қамтиды. Соның ішінде ашаршылық, қуғын-сүргін, сұрапыл соғыстың игеру, 1979 жылғы Ақмола көтерілісі, Сәкен Сейфуллин сынды тұлғаларға қатысты құжаттар бар.

«Қаламгердің жеке қор құжаттары мұрасы ғылыми айналымға түсіп, болашақ журналистика, филология, тарих факультеттері студенттерінің дипломдық, магистрлік жұмыстарына арқау болады деп сенеміз» дейді құжаттарды қабылдап алған қалалық Мемлекеттік архив қызметкерлері.



НЬЮ-ЙОРКТЕ ҚАЗАҚ ӘНІ ШЫРҚАЛДЫ

Нью-Йорктегі Карнеги-холлда өткен Viva Music Carnegie Hall байқауына Қазақстан атынан қатысқан эстрада және джаз әншісі Гүлзар Ғабдрахман бірінші орынды иеленді.

Нью-Йорк төрінде шымылдық түрген бірнеше кезеңнен тұрған халықаралық байқауда әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған әншілер өнер көрсетті. Гүлзар Ғабдрахман бұл байқауда «Дударай» әнін шырқады.

Талантты да, талапты қазақ әншісі – Қазақ ұлттық өнер университетінің түлегі. Мәскеу мемлекеттік мәдениет институтының магистратурасын да бітірді. Ресей астанасында ол белгілі әнші, Ресей халық әртісі Лариса Долинаның шеберханасын аяқтады.

Өнер Гүлзардың бойына ата қанымен дарыған. Атасы Игілік

Омаров қазаққа аты мәлім әнші еді. Бірақ түбегейлі өнер жолын қумап, туған ауылында талай жыл мұғалім болды. Гүлзар да бастапқыда әнші боламын деп ойламады. Ақпараттандыру және журналист мамандықтарын меңгерді. Алайда өнерге құштарлығы жеңіп, осы жолға түсті. Табыссыз емес. Осы күнге дейін көптеген республикалық және халықаралық байқауларға қатысты. Үш жыл бұрын Лондонда өткен «Альбион жұлдыздары-2019» халықаралық байқауында халық әні «Япурайды» орындап, бас жүлдені иеленді.

Баян АСЫЛБЕКОВА

«АСТАНА-ОПЕРАНЫ» НАСИХАТТАЙТЫН АРТ-ДҮКЕНДЕР

Жуырда «Астана Опера» театрында, астаналық әуежай мен «Керуен» сауда ойын-сауық орталығында арт-дүкендер ашылады. Онда театрдың символикасы бар кәдесыйларды, киім-кешектерді, басқа да тауарларды сатып алуға болады. Жоба Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігімен бірлесіп ұйымдастырылады.

– Имидждік өнім сататын сауда нүктелерін ашу – мәдени қауымдастық қалыптастыру, классикалық театр өнері саласына көрермендер аудиториясының қызығушылығын арттыру бойынша іс-шаралар қатарында тұратын бастама, – дейді «Астана Опера» театры директорының орынбасары Айжан Құрманғалиева.

Оның айтуынша, театрдың көпшілікке жақындай түсуге

ықпал ететін «Достар клубы» жобасы шымылдыңтың арғы жағына саяхат жасауға, көрермендер мен театр арасындағы өзара қарым-қатынасты жетілдіруге септеседі. Елорда әкімдігінің қолдауымен ашылатын арт-дүкендер театрға бір табан жақындауға, оның қайталанбас рухын сезінуге көмектеседі. Сондай-ақ театрға қатысты сыйлықтарға ие болуға мүмкіндік береді.

Театрдың маркетинг департаментінің мамандары тауарлар ассортименті кең екенін және ұдайы жаңартылып отыратынын айтады. Арт-дүкенде Нұр-Сұлтан қаласы мен «Астана Опера» эмблемалары салынған спорттық костюм, бас киім, футболка, шоппер-сөмке, орамал, блокнот, қалам, саптыаяқ, органайзерлер мен басқа да көптеген тауарларды сатып алуға болады.



www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Шеф-редактор – Төлән ТІЛЕУБАЙ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «АСТАНА АҚШАМЫ» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №90

Баспаханасы: Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 8, 5-кеңсе «КОМЕК ИНВ» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК astana.aqsham@gmail.com

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

astana.akshamy@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ